

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИС ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2020 жылы 7 қазанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
А.Қ. Аймағамбетовке**

Депутаттық сауал

Құрметті Асхат Канатұлы!

Елбасының қамқорлығының арқасында жастар 2017 жылдан бері колледждерде тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды. Соның ішінде қаншама ауыл баласы мамандық алып, бүгінде үйлерге су, жарық, жылу беру қызметтерін атқаруда.

Электрондық үкімет порталындағы ақпаратқа сүйенсек, елімізде 759 колледж бар екен. Оларды кәсіпорындар мен мекемелерге сенімгерлікке беру мәселесі 5 жылдан бері көтеріліп келеді.

Былтыр Премьер-Министр Асқар Ұзақбайұлы Мамин: «Ірі компаниялар, экономика көшбасшылары 150-ге жуық колледжді сенімгерлік басқаруға ала алады, ал университеттер 50-ге жуық колледжді қабылдауға дайын. Бұл бастамаларға қолдау көрсетіп, серіктестік тетіктерін әзірлеуіміз керек...» деген еді.

Әрине, бұл басқару оқу бағдарламасын еңбек нарығына сәйкестендіріп, студенттердің жаңа технологиямен практикадан өтуіне мүмкіндік береді.

Бүгінгі мәселе – сенімгерлікке кірмеген колледждер жайында! Өйткені, ел аралағанда бір колледждің базасы керемет, екіншісінің есігін ашсақ, Кеңес дәуірінен қалған ескі трактор мен аппараттар.

Осыған орай, Білім және ғылым министрінің қарауына келесі ұсыныстарды енгіземін:

1. БАҚ-та еңбек жолын жұмысшы мамандығынан бастаған қоғам қайраткерлері, белгілі азаматтарды дәріптеуді қолға алу. Осы мамандықтарды ынталандыратын қағаз нұсқада және электронды форматта

арнайы журнал, газетті бір жүйеге қою.

2. Халықаралық стандартқа сай бағдарлама әзірлеп, колледждердің материалдық-техникалық базасын жаңарту.

3. Колледжді үздік бітірген студенттің университетке емтихансыз қабылданып, грант арқылы білім алу мүмкіндігін қарастыру.

Жауабын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймын.

**Депутат,
«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшесі**

Н. Әлімжанов